

● МЕДИЦИНА

АДАМ ПАПИЛЛОМАСЫ ВИРУСЫ НЕМЕН ҚАУІПТІ?
АПВ – тері мен шырышты қабаттарды зақымдайтын вирустардың тобының 200-ден астам түрі бар. Оның ішінде 14 типі онкологиялық ауруларды тудырады. АПВ өте жұқпалы, адамнан адамға оңай беріледі.

Инфекция түскен терімен, шырышты қабаттармен тікелей жанасу кезінде орын алады. Мәселен, тұрмыстық жанасу (қол алысу, сүйісу, бередіге зақымдар), жыныс жолы, терімен кезінде (анадан балаға), өзін-өзі жұқтыру (қырыну, эпиляция кезінде дененің бір бөлігін ескіні жеріне ауысады). Адамдардың шамамен 80% өмірінің белгілі бір кезеңінде АПВ жұқтырып алады.
ДДҰ мәліметі бойынша, 95%-дан астам жағдайда жатыр мойны обырын адам папиллома вирусы (АПВ) тудырады. Қазақстанда ЖМО-мен ауырған науқастардан зерттеуге алынған материалдардың 74%-К=40 16,18 серотиптер анықталған.
Дәл осы серотиптер қолданыстағы АҚШ-та жасалған 4-валентті «Гардасил» вакцинасының құрамына кіреді. Бұл вакцина АҚШ, Австралия, Канада, Швейцария, Норвегияда енгізілгеннен кейін 5-10 жылдан кейін зерттеулер жүргізілген. Вакцина құрамындағы АПВ түрлерінің (6,11,16,18) таралу жиілігі егілгендер мен вакцинаны алмағандар арасында зерттелді: егілгендер арасында 80-90%-ға; егілмегендер арасында 40%-ға төмендеген. Айта кетерлігі, мұнда ұжымдық иммунитеттің арқасында егілмегендер арасында да жұқтыру төмендеген.
2013 жылы Қазақстанның 4 аймағында (Атырау, Павлодар облыстары, Алматы қ. және Астана қ.) 17 295 қыз жатыр мойны обырына қарсы вакцина алды, 2023 жылы сол кезде вакциналанған 1129 және егілмеген 871 әйел адам тексеріліп, АПВ вакцинасын алмағандар тобында инфекция 18,2%-ында анықталды, вакциналанғандар тобында инфекция 0,12%. Бұл вакцинаның тиімділігін көрсетті. Осы дәлелдерден кейін елімізде АПВ-ға қарсы вакциналау енгізілді.
Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес АПВ қарсы екпе 11 жасқа толған қыздарға жасалады. Сонымен қатар, бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің 2024 жылғы 17 қыркүйектегі №11 қаулысына сәйкес екпені 12-13 жастағы қыздарға вакцина жүргізіледі.
Вакцинаның 2 кезеңі де атаналардың келісімімен жүргізіледі. 2-ші доза 6 айдан кейін салынады.
Бұл вакцина мектептерде, емханаларда жасалады. Облыста медициналық ұйымдарда 200, мектептерде 230 егу пункт, 54 егу бригадасы ұйымдастырылды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жобаның атауы: «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» материалдарымен «Алматы облысы, Қонаев қаласында негізгі инженерлік инфрақұрылымның (Жаңа Іле) жетілдірілуі және қорғауы».
Әсер ету аумағы: Алматы облысы, Қапшағай қ.а, Шенгелді а.о.
1) 44° 2'9.31", 77° 5'17.15"; 2) 43° 55'34.31", 77° 9'2.34"
Қоғамдық тыңдау 2025 жылы 31 қаңтарда сағат 11:00-де ашық жиналыс арқылы келісі мекенжайда өтеді: Алматы облысы, Қонаев қ., Индустриальная 16/4, 111- кеңсе.
«Zoom Video Communication» онлайн қосылымына сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/75904071914?pwd=CAJSqBRb5LELeFUUVUoHoDZZIQH3Bw.1>
Конференция идентификаторы: 759 0407 1914
Кіру коды: YjuN10
Бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «Алматы облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ, Алматы облысы, Қонаев қ., Индустриальная көшесі, 16/4, БСН 070340007228, 8 (72772) 7-80-20, alm.obl.eng@mail.ru.
Әзірлеушінің деректемелері мен байланыс деректері: «Сигнальная Линия» ЖШС, 050010, Алматы қаласы, Коктем-1 ы/а, 4/12 кеңсе, 4, тел.: 8(727) 241-13-88 e-mail: info@pivh.kz
Жоба материалдары мына сайтта орналастырылған: www.ecoport.kz; <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat/contacts/?lang=kk>.
Қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін сұратуға болатын электрондық мекенжайы мен телефон нөмірлері: alm.obl.eng@mail.ru, тел.: 8 (72772) 7-80-20
Ескертулер мен ұсыныстар www.ecoport.kz сайтында, сондай-ақ «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, мекенжайы: Алматы облысы, Қонаев қ., Алматы көшесі, № 54 үй, тел.: +7 (72772) 2-32-27; e-mail: 329267eco@mail.ru қабылданады.

● МАМАН МІНБЕРІ

САНИТАРИЯЛЫҚ ШАРАЛАР ТИІМДІ МЕ?

Қазір санитариялық-гигиеналық шаралар адамның денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөлге ие. Мұндай шаралар қолданыс аясы мен тәсіліне орай дезинфекция, дезинсекция және дератизация болып бөлінеді. Бұл үдерістер инфекция қоздырғыштарымен, жәндіктермен және кеміргіштермен күресуге бағытталған.
Тарқатып айтсақ, дезинфекция бактериялар, вирустар және саңырауқұлақтар сияқты патогенді микроорганизмдерді жоюға немесе олардың белсенділігін басуға бағытталған шара. Негізгі мақсаты – жұқпалы аурулардың таралуына тосқауыл қою.
Ал, дезинсекция зиянды жәндіктерді (тарақандар, шыбындар, төсек қандалары, масалар мен құмырсқалар) жою немесе олардың көбеюіне қарсы қолданылатын тәсілдер. Негізінен бұл шара адам денсаулығына зиян келтіретін, түрлі ауруды таратушы жәндіктерді жоюды көздейді. Дератизация болса кеміргіштердің (егеуқұйрықтар, тышқандар) санын азайту немесе оларды жоюға негізделген шаралар атауы. Қауіпті жұқпалы аурулардың (мысалы, оба, лептоспироз) тасымалдаушылары мен материалдық шығын келтіретін тіршілік иелеріне қарсы жүргізілетін шаралар қай уақытта да өз игілігін көрсетіп келеді.
Қолданыс аясына сай 3 шараның өз тиімділігі бар. Мәселен, жұқпалы аурулардың таралуын төмендетеді, зиянкестерден келетін экономикалық шығынды азайтады және өмір сүру және жұмыс істеу үшін қауіпсіз әрі қолайлы жағдай туындайды.
Санитарлық нормаларды сақтау және дезинфекция, дератизация мен дератизацияны тұрақты түрде өткізу – бұл тек профилактика шаралары ғана емес, сонымен қатар адамның денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтаудың кепілі. Бұл жұмыстар білікті мамандардың көмегімен, барлық қажетті стандарттарды сақтай отырып жүргізілуі тиіс.
Анар ДУКЕНОВА, Жетісу облысы СЭБД оперкәсіптік радиациялық қауіпті объектілерді бақылау және қадағалау бөлімінің басшысы

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетіндегі 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPU00064518 куәлігі берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Мекенжайымыз: **Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28.**
Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.
Меншікті тілшілер: Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38.
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: **Медет ЖҰМАБАЙ**

● ФУТБОЛ



Кейінгі төрт маусымда «Жетісу» сапында тұрақты ойнап, ерекше ойынымен көзге түсіп жүрген сол қапталдағы қорғаушы әрі команданың вице-капитаны – Асхат Балтабековтің (2021 жылы ел чемпионатында 26 ойынға қатысып 1 гол, 4 пас; 2022 жылы Бірінші лигада 23 ойын 2 гол, 1 пас; 2023 жылы қайтадан Премьер-лигаға оралған команда қатарында 26 ойын, 2 гол, 5 пас; 2024 жылы 24 ойынға шығып, 2 гол салып, 3 пас берді) алаңдағы жылдамдығы, қарсыласты тоқтатып, қауіптің алдын алуға шеберлігі, өз қапталы арқылы командасының шабуылын өрбітуі өзгелерден ерекшеленіп тұрады. Әйгілі Transfermarkt сайты Асхаттың футбол әлеміндегі бағасын 100 мың еуродан (2020 жылы) бастап 300 мың еуроға дейін (2024 жыл) көрсеткен. Биыл 30 жасында Ұлттық құрамаға шақырту алып, ұлттар лигасының аясында Алматының Орталық стадионында өткен Қазақстан мен Словения арасындағы ойынның 64 минутында Ислам Чеснаковты алмастырып, дебют жасады. «Жетісудың» әр жастағы командасынан сатылы түрде електен өткен ойыншымен сұхбаттасудың сәті түсті.

БАЛА кезден басталған **МАХАББАТ**

Серік ҚАНТАЙ

Біздің анықтама: 1993 жылы 6 қарашада Жетісу облысы, Лепсі ауылында дүниеге келді. Талдықорған қаласындағы №16 орта мектеп-гимназиясында оқыды. Кейін Жетісу университетінде білім алды. Футболмен 7 жасынан айналысады. Алғашқы бапкері – Сағындық ҚАСЫМЖАНОВ.

– Биыл сен үшін табысты жыл болды. Ұлттық құрамаға шақырту алдың және Ұлттар лигасындағы ойындарға қатысып үлгердің. Алғаш шақырту алғанда қандай сезімде болдың және өзіңді қалай қайрадың? Ұлттық құрамадағы жігіттер қалай қарсы алды?

– Ұлттық құрамаға шақырту алу – кез келген ойыншының арманы. Алғаш шақырту алған сәтте толқу мен қуаныш сезімі қатар болды. Себебі ел намысын қорғау – үлкен жауапкершілік. Өзімді ойындарға дайындау үшін алдыма нақты мақсаттар қойып, барымды салуға тырыстым. Ұлттық құрамадағы жігіттер жылы қарсы алды, тез үйренісіп кеттім. Атмосфера өте жақсы, барлығы бір отбасының мүшесіндей болып кеткен және бір мақсат үшін жұмылған нағыз команда. Словенияға қарсы алғашқы ойында алаңға шыққанда жанкүйерлердің қолдауын сезіндім. Олардың дауысы, эмоциясы қосымша күш берді. Сол сәт менің есімде мәңгі қалады.

– 2021 жылдан «Жетісу» сапында тұрақты ойнап келесің және ең көп матч өткізгендерің қатарыңдамысың. Бала кезіңнен бір командада ойнап келесің (карьераның бастауында «Жетісу-Сұңқар», «Қыран», «ЦСКА» бар) басқа клубтардан да шақырту болғанын білемін, өзге командалардың да ұсынысын қарастырып көрмедің бе?

– Иә, 2021 жылдан бері «Жетісу» сапында ойнап келемін. Клубқа деген махаббатым бала кезден басталды. Мен үшін «Жетісу» – бұл тек команда емес, туған үйімдей. Себебі, балалық шағымнан бастап осы клубқа өстім, дамыдым, жетілдім. Бұл жер менің мансабымның негізін қалады. Басқа клубтардан ұсыныстар болғанын жасырмаймын, бірақ команданың атмосферасы, жанкүйерлердің қолдауы және маған сенім артқан бапкерлердің ықпалы өз ролін атқарды.

– Сендердің толқындыраңа ерекше әсер еткен сол кезде Бірінші лигада болған «Жетісу-Б» командасы. Сол құрамда болған Айбар Жақсылықов, Аслан Әділ, Маді Хасейін сынды ойыншылар бүгінде Премьер-лиганың белді командаларында жүр. Жетісу футболы үшін, жастар үшін үлкен қолдау болды. Бүгінгі «Жетісуға» ойыншылар дайындау үшін Бірінші лигаға команда қажет емес пе?

– «Жетісу-Б» командасы ерекше әсер қалдырды. Біздің толқынның футболда өсуіне үлкен үлес қосты. Ол кезде алаңда бірге болған жігіттер қазір барлығы дерлік Премьер-лигада ойнап жүр. Бірінші лигада команданың болуы жастар үшін өте маңызды. Ол ойыншылардың тәжірибе жинақтауына мүмкіндік береді және «Жетісудың» негізгі құрамына жаңа таланттармен толықтыруға септігін тигізеді.

– «Жетісудың» биылғы маусымына тоқталсақ. Бірінші айналымды сәтті бастаған команда екінші кезеңде жеңілістен жоғашпар әсер етті ме, басқа да жағдайлар әсер етті ме?

– Биылғы маусымның бірінші айналымы сәтті басталғанына қарамастан екінші айналымда жеңіліс, тең ойын көп болды. Бұл жерде тең ойын емес, өзге де факторлар әсер етті деп ойлаймын. Ол ойыншылардың жарақаты, кей сәттегі жолымызды болмауы, ойын мен ойын арасындағы психологиялық қиындықтар.

– Қайрат Нұрдаулетов қандай банкер және өзгелерден несімен ерекше?

– Қайрат Нұрдаулетов өте талапшыл әрі білікті банкер. Ол әр ойыншының мүмкіндігін жоғары бағалап, сенім артады. Оның басшылығымен кез келген ойыншының әлеуеті ашылады. Ол жігерлендіруді шебері, әрдайым команда үшін бар күшін салады.

– Келер маусымға арналған оқу-жаттығу жиынының басталар уақыты да таяды. «Жетісудан» келер жылы не күтеміз, жоспар қалай? Басшылық ауысып жатыр, бұл ойыншыларға қалай әсер етпек?

– Келер маусымға дайындық жақын арада басталады. Басшылықтағы өзгерістер командаға жаңа мүмкіндіктер мен өзгерістер әкелуі мүмкін.

– Жеке жоспарыңды айта отырсаң, келешекте банкер болуың мүмкін бе?

– Жеке жоспарымын туралы айтсам, қазір бар назарым футболға, ойнауға бағытталған. Келешекте банкер болу мүмкіндігін жоққа шығармаймын. Бірақ қазір өзімді ойыншы ретінде әлі де дамытып, командаға барымды салуға тырысамын.

– Сұхбатыңызға рәхмет!

ҚЫСҚА-НҰСҚА

– Есіңде қалған ерекше голың?
– 2023 жылғы маусымда «Қызылжарға» қарсы соққан голым.
– Сен үшін ең қиын қарсылас болған...
– Австрия құрамасы — жылдамдық пен техника жағынан өте мықты.
– Гол әлде пас?
– Екеуі де маңызды, бірақ нәтижелі пас беру ерекше ләззат сыйлайды.
– Бірге ойнағың келетін футболшы?
– Лионель Месси. Оның ойынды көру қабілеті таңғалдырады.
– Алаңның қай шебінде ойнап көргің келеді?
– Шабуылшы, себебі әр матчта гол соғып, командаға жеңіс сыйлау ерекше сезім.
– Nike әлде Adidas?
– Nike.
– Талдықорған сен үшін...
– Туған үйім, менің барлық бастамаларымның негізі.

Сыбайлас жеңімқорлыққа қарсы күрес желері бойынша сенім телефоны: 87753880990

«Jetisy» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 1384
«Жетісу Медиа» МКК басылымдарының жалпы таралымы — 10 100, оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы — 6040. Индексі — 65469.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.